



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мереке

Шырша шамы жағылды

Орталық алаңда аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен жаңа жылдық бас шыршаның шамын жағу салтанаты өтті. Мерекелік кеш Аяз ата мен Ақшақардың шеруімен басталып, түрлі ертегі кейіпкерлері жиналған жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Тұрғындар жергілікті өнерпаздар өзінше мерекелік концертті ерекше ықыласпен тамашалады.



Аудан әкімі Ардақ Ибраимов халықпен бірге мерекелік концертті тамашалап, 2024 жылы атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Бүгінгі күнге дейін ауданда Ел Президентінің, Үкімет және аймақ басшысының қолдауымен ауқымды жобалар жүзеге асырылып, тірлікті салаларда серпінді қадамдар жасалғанын жеткізді.

– Санаулы күндерден кейін біз жаңа 2025 жылға қадам басамыз. Өтіп бара жатқан жыл ауданымыз үшін игі жақсылықтарға толы болды. Биыл Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жыл аудандық басылым «Жалағаш жар-



шысы» газетіне 90 жыл толды. Қос мерейтойды жалағаштықтар жоғары деңгейде атап өтті. Сондай-ақ өңір шаруалары күрштен рекордтық өнім жинап, аймақта «Үздік аудан» атанды. Келер жылдың да қуаныш пен берекеле алып келетініне сенеміз. Өткен жылы ауданның бюджеті 10 млрд 848 млн теңгеге құраса, биыл 12 млрд 215 млн теңгеге жетті. Ақсу, Мөрәлі Шәменов, Есет мекендері табиғи газға қосылды. Мырзабай ахуң, Темірбек Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілері қайта жаңғырды. Таң ауылындағы мәдениет үйі мен Бұқарбай батыр ауылындағы мектеп ғимараттары күрделі жөндеуден өтті. Аққыр ауылында дене шынықтыру-сауықтыру көшесі, Қаратөке ауылында дерігерлік амбулатория, кентте «Руханият» орталығы мен тұрғындар үшін 120 үйдің құрылысы жүрде. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Бұқарбай батыр ауылында 2, Есет батыр ауылында 5, Аққум ауылында 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан әкімімен бірге жыл бойы жоғары жетістікке жеткен белсенді

оқушылар шырша шамын жағу рәсімін жасады. Шыршаның шамын жағу үшін арнайы қонаққа келген келер жыл белгісі жылан мен биылғы жыл иесі ұлу, басқа да ертегі кейіпкерлері кештің шыршайын кіргізе түсті. Нағыз ертегілер еліне саяхаттап, таңғажайып өлемде жүргендей әсер алған халық көңіл-күйді көтеріп, баршаға берекеле сыйлаған жылдың он екі айына алғысын білдірді.

Бүлдіршіндер де өзінің шынайы және ізгі тілектерін білдірді. Кішкентай Айсезім Фабит жаңа жылдық қойлымға анасымен және әжесімен бірге келіпті. Бүлдіршін жаңа жылда ғажапты күтетінін жасырмады.

Баршаның келе жатқан жаңа жылмен құттықтаймын! Жыл жақсы болсын деп тілеймін, барлық ұйымдар артта қалсын. Мен жаңа жыл мен Аяз атаны асыға күтемін. Тілегімді жаздым, ол маған қуыршақ бергенін қалаймын. Менің тілегім орындалатынына сенімдімін. Өйткені мен ақылды қызым, – дейді бүлдіршін.

Осылайша жаңа жылдық шыршаның шамы ерекше көңіл күйде жағылды.

ЖАРЫН

Жоба



Қарызсыз қоғам: 11 мың азамат білім алды

Несін жасырамыз, қазір мақсатсыз несие, қарыз алып, берешек болған азаматтар қатары күрт артты. Абырой болғанда «Амалат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы жұрттың қаржылық сауатын арттыруға едәуір жәрдемдесті. Аталған жоба екі жылдан аз уақытта Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру және «Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытындағы маңызды бөлігіне айналды. Партияның көмегімен 780 мың азаматтың қаржылық сауаты арттырылды.

Жалпы жоба аясында биыл Сыр өңірінен 11 мың азаматты оқыту жоспарланып, сәйкесінше 11 215 азамат қаржылық сауаттылығын арттыру курсынан өткен. Нәтижесінде ел бойынша жобаға қатысушылардың 40 пайыздан астамы қарыз жүктемесін 70 пайызға ай сайынғы несие төлем мөлшерін, ал 4 пайызы несиелердің жалпы санын азайтқан. Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде «Қарызсыз қоғам» сарапшылары мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының 7,5 мың ұстазын қаржылық сауатты арттыру әдістемесіне оқытқан. Нәтижесінде биыл 500 мыңнан астам оқушы мен 100 мың студент қаржылық білім алды. Мұнан бөлек жоба арқылы проблемалық несиелер үлесін 18 пайыздан 7 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар «Амалат» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді мақсат еткен. Атап айтқанда, жоба аясында қаржылық интернет-аляқтыққа қарсы күрес, бизнесті дамыту, тұрғын үй алу, білім алу сияқты мемлекеттік қаржылай қолдау бағдарламалары арқылы ұсынылатын жаңа қаржылық құралдарды үйрету бағыттары қарастырылып тиіс.

«ЖЖ» ақпарат

Ырыс

Жалағаштан жеткен жәрмеңке

Жалағаштықтар ауыл шаруашылығы саласында толағай табыстарға жетуде. Мәселен, Жалағаш аймақта күрштен рекордтық өнім жинап, «Үздік аудан» атанды. Сондай-ақ шаруалар суды аз қажет ететін бау-бақша дақылдарын да жылдағыдан артық егіп, молшылыққа көнелді. Аудан диқандары ала жаздай баптап өсірген өнімдерін ағайынмен бөлісуді де дәстүрге айналдырған. Науқан аяқталысымен жиған өнімдерін төмен бағада аймақ жұртына пұлдап, сол арқылы азық-түлік бағасының да тұрақталуына ықпал етуде.

Осы орайда өткен сенбіде облыс орталығында ауданның ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жалағаштық шаруалар өздерінің жаз бойы баптап өсірген өнімдерін базар нарығынан 15-20 пайыз төмен бағада сатылымға шығарды. Әрине, бұл еңбек адамына да, қаладағы тұтынушыға да тиімді. Себебі өздеріңіз білетіндей, биыл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы біршама өсті.

Су тапшылығы белең алған уақытта бау-бақша баптау кімге болса да оңай тиімдейтін тағы бар. Алайда жаз келсе, қолына сайманын алған Сыр шаруалары биыл да жоқтан бар жасап, біраз өнімге көнелген.

Міне, Жер-Ана берген ризықтан бірлігі бекем Сыр халқы көтеріңкі көңіл-күймен ауыз тиді. Жергілікті тұрғындар жәрмеңкеде өнімнің бағасынан бөлек сапасына да тәнті болып, барынша қыстық азығын қамдап алуға тырысты. Сөздерден мал азығынан бастап, қолөнер бұйымдарын, бау-бақша өнімдерін, көкөністер, күріш, арпа, бидай, талқан, сөк, мал етің дария балғын және жартылай дайын азық-түлікті кездестіруге болады.

Қала тұрғыны Сахи Нұрмаханов жалағаштықтар ұйымдастыратын жәрмеңкені асыға күтеді екен. Мұнда аудан шаруалы өндірген өнімдерді саудалауға келіпті. Әрине, өл жәрмеңкеде барлық өнімнің арзан бағада сатылып жатқанын жасыр-

мады, сапаға да көңілі толатынын жеткізді. Өзінің айтуынша, үйіне 2 қап картоп пен 1 қап пияз, сондай-ақ жаңадариялық қауын-қарбыз, балық пен сиыр етінен, күрштен мол алған.

– Бұрынғыдай супермаркетке ағылуды азайттық. Әрине, ол жақта да баға тұрақты, десе де азық-түліктің сапасына күмән бар. Барлық сәреде әдемі қорашада тұрады, бірақ ішіндегі өнімнің балғын екеніне сену қиын. Сондықтан ауыл-аймақтан келетін жәрмеңкені асыға күтеміз. Тек бағасына бола емес, қолдың таза өнімін тұтынуы жөн көреміз. Дүкен сөрелеріндегі өнімдерге қарағанда ауылдың қара топырағында өскен дақыл дәмді болады. Сол себепті жәрмеңке болады дегенде дереу отбасымызбен қажетті азық-түлікті тізімін жасадық. Биыл ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде бақша өнімдері мен көкөніс құны айтарлықтай шарықтағандықтан шыны керек, биылғы жәрмеңкеден оңтайлы баға күтпедім. Өйткені жазда көкөніс, қауын-қарбыз бағасы мүлде түскен жоқ. Бірақ бүгін бұл пікірдің теріс болғанына куанып отырмын. Мұндағы өнімдер бағасының қолжетімді екенін көріп, қысқа, көктемге жететін мол азық сатып алдық. Өткен жәрмеңкеде Жаңадарияның қарбызын сатып алғанмын, дәмнен сөз жоқ. Міне, бүгін де сол қарбыздан тағы да алдым. Балықтың дәмді өз алдына бөлек өңгіме. Осындай халық үшін тиімді жәрмеңкені ұйымдастыруға ықпал

өткен аймақ басшысына алғысымды білдіремін, – дейді қала тұрғыны.

Шыны керек, қалалықтар ауылдағы ағайынға өтініш айтып, ауыл шаруашылығы өнімдерінен ауыз тиеді, әрине, молынан сатып алайын десе, ауылға жол түсе бермейді. Ал бұл жәрмеңкеде қала тұрғындары өздері шаруа адамдарымен бетпе-бет сауда жасауға мүмкіндік алды. Қалағанынша көзбен көріп, сапалы азық-түлікке қолы жетті.

Жалпы соңғы жылдары аудан диқандары апта сайын жәрмеңке ұйымдастыруды игі дәстүрге айналдырған. Тұрғындардың да бұған өті ұйреніп, әр сенбі және жексенбі сайын жәрмеңкеге асығып тұрады.

Кенттегі «Алтын балық» дүкені жәрмеңкеге балықтың бірнеше түрін ала келіпті. Арасында сазан, жайың шортан, жалпы балықтың 5-6 түрі бар. Бір қызығы, Жалағаштың балығын қала тұрғындары ерекше ынтамен тұтынады. Өйткені тұтынушылардың айтуынша, ауданның су айдындарынан алынған балықтың дәмді ерекше тұзды, еті балғын екен.

– Жәрмеңкеге түрлі балық алып келді. Еттісі, тұздысы, ысталғаны бар. Бағада қалтаға қонымды. Балық етінің адам ағзасына пайдасы мол. Сондықтан болар, сураныс жоғары. Алайда мәселе де жоқ емес. Бүгінде су айдындарында балық қоры да күрт азайып кетті. Балық өсіру шаруашылығымен де айналысатын кәсіпкерлер қатары жоқтың қасы. Сондықтан осы



жайттар өнім бағасына әсер етіп жатпай, десе де ниетіміз түзу, бастысы, тұтынушылар ден риза, – дейді кәсіпкер Нұрсейт Алпысбай.

Шалғайдағы Жаңадария ауылының азаматтары Фазиз Аманкелді мен Айбатыр Жақып та жәрмеңкеге өз өнімдерімен келген. Айтпасақ та, біздің мақсат – Жалағаштың брөндіне айналған жаңадариялық қауын-қарбыздарымен қала жұртымен бөлісу. Ауыл өкімдігі бас маманы Дастан Алтыбаев шаруалардың жанынан табылған.

– Жәрмеңке шаруалары десе, тұрғындардың Жаңадарияның бақша өнімдерін сұрайтыны белгілі. Сондықтан

жәрмеңкеге өнімді мол әкелуге тырыстық. Жаз бойы еңбек адамдары баптаған қауын-қарбызды, картоп-сәбізді, оданқалды асқабақ, қызылша, жүгерімізді молынан әкелдік. Әрине, ниетіміз түзу, сапалы өнімдімізді халықпен бөлісу, бір жағынан жаз бойы тер төккен шаруаларға да теңге болсын деген ой. Жаз бойы ауыл маңында қауын-қарбыз өттік, мен де сол егіншілермен таңнан кешке дейін бақша басында бірге жүрдім. Мәселе болды, сол мәселелерді бірге шешуге барымызды салдық. Жасыратыны жоқ, аяқсудан қиыншылық туындады, десе де мойымай тығырықтан шығудың жолын бірге іздедік. Міне, бүгін

сол өнімдерді халық алдына әкеліп отырған жайымыз бар. Шүкір, сауда бар, өнімге сұраныс жоғары. Ең бастысы, қауын-қарбызымыз тұтынушыларға ұнап жатыр. Әрине, маңдай термен, ешқандай қоспасыз егін-өнімнің тәтті болары анық, – дейді Дастан Алтыбаев.

Жалпы Қызылорда қаласына ауданнан 30 автокөлікпен 35 тонна өнім жеткізілген. Сондай-ақ жәрмеңкеде аймақта өндірілетін отандық өнімдерді қолдау мақсатында арнайы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылған.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарту



Алғысқа бөленген бөлімше

Жұқпалы аурулар бөлімшесі. Мұнда дәрігерлердің жұмысы қауырт. Абзал жандардың аңтына адалдығын аңғару қиын емес...

Иә, науқастар бөлмесін аралап, әрқайсысымен жеке-жеке жұмыс жасап бөлек болған дәрігер бұған дейін көзімізге түскен...

маусымы ғой. Сондықтан бұл мәліметке таңқалмадық. Бізді алаңдатқаны сол науқастардың басым бөлігі балалар екен...

нуы бек мүмкін. Сондықтан оның алдын алған тиімді. Бірінші кезекте атаған кеселге қарсы елкенің пайдасы мол...

Иә, қазір тұмаудың өршітін маусымы. Бірақ бұл бөлімшедегі абзал жандарға жылдың 4 мезгілінде де тыным жоқ...

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Антына адал абзал жан

«12 сәуірде толғатып Қаракеткен ауылдық округіндегі ауруханаға бардым. Ол кезде Рая жұмысқа орналасқанына бір-ақ апта болған жас маман еді...

Иә, Ақсу ауылдық клубында «Жаңа шұағы» жобасы аясында «Абыройлы еңбектен – құрметті зейнетке» атты Рая Нұрмаханованы зейнетке шығарып салу кеші өтті.

ауылындағы ауруханаға акушерка болып қызметке орналасқан. Сол ауылда еңбек еткен жылдары ана мен баланың өмірі үшін талай қиын да қуанышты кездердің куәсі болып...



Ақтоты БҰРҚИТБАЙ

жүріп өзімен бірге барған жолдас келіншекті боранды күні аман-есен босандырып алған...

ауыл тұрғындары арасынан абыроймен зейнеткерлік шығып жатыр. Раяға ауыл тұрғындарының атынан үлкен рақмет...

Ақтоты БҰРҚИТБАЙ

Маман мерейі



Білікті дәрігер

Гүлжайна Ұзақованың медицина саласында еңбек еткеніне 10 жылға жуықтаған. Алғашқы еңбек жолын өзінің туған жері Аққум ауылынан бастаған ол...

Оқу бітіріп, елге қызмет етуге келгенімде бас дәрігер «қай жақта жұмыс жасаймын десең де, өз еркің. Таңдау өзіңде» деп бос тұрған қандайда бір бөлімге орналасуыма болатынын жеткізді...

Таңғы 5-тің шамасы. Бір отбасы қыстың күні от жағып, түтінге уланған. Үйдің отағасы иістен оянып, балаларын ұйқысынан тұрғыза, ешқайсысы оянапты...

Гүлжайна ауылда 8 айға жуық ғана қызмет еткен. Одан кейін басшылық тарапы білікті маманды «аудан орталығындағы ауруханаға қажет» деп терапия бөліміне...

Қазіргі таңда кейіпкеріміз аудандық емханада жалпы тәжірибелі дәрігерлер бөлімінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқаруда.

Оның айтуынша, бүгінде егде жастағы тұрғындар арасынан көбіне қан қысымы, қант диабеті және буын аурулары көп кездеседі. Дәрігер бытырғы жылмен салыстырғанда биыл тұрғындар арасында инфаркт пен инсульт сиректеуі азайғанын айтты.

Білікті маман науқастың бұл дерттен айығуы үшін Алматы қаласындағы ревматолог дәрігермен және облыстық денсаулық сақтау басқармасымен байланысқа шығып, дәрі-дәрмекпен қамту бөлімінің мамандарымен ақылдаса келе...

Білікті маман Гүлжайна бүгінге дейін бірнеше мәрте аудан әкімінің алғыс хатын иеленген. Мұнан бөлек былтыр «Қазақстан Медицина Қызметкерлері» Қоғамының ұйымдастыруымен өткен «Жыл үздігі – 2023» республикалық байқауына белсене қатысып...

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫРПА МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор: Марат АРАЛБАЕВ. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы. Бас редактор: Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36. Бас редактор - 32-0-41. Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс №2007